

2021-2022 оқу жылының қысқы сессиясында қорытынды бақылау өткізудің формасы мен платформасын таңдау туралы нұсқаулық хат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің академиялық саясатына сәйкес 2021-2022 оқу жылының қысқы сессиясын ұйымдастыру барысында келесіні ескеру керек.

Оқытушылардың 2021-2022 оқу жылының күзгі семестрінің пәндері бойынша қорытынды бақылау жүргізудің формасы мен платформасын таңдау процесі, кафедра меңгерушілерінің, факультеттердің әдістемелік кеңестері төрағаларының (төрайымдарының) оқытушылардың таңдауын тексеру, бекіту және емтихан кестесін жасау келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті:

Жаңа білім беру технологиялары институты Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтымен бірлесе отырып:

2021 жылдың 17 қарашасына дейін алдыңғы уақытта жіберіліп, анықталған кемшіліктерді ескере отырып, «қорытынды бақылау жүргізудің формалары мен платформалары» функционалына тексеру және қажет болған жағдайда түзетулер енгізу жүзеге асырылады.

2. Факультеттер:

2.1 2021 жылдың 18 қарашасына дейін әр кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамына қорытынды бақылау жүргізудің формалары мен платформалары бойынша вебинар-консультациялар және кафедра меңгерушілерінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарларын аттестаттау ұйымдастырады;

2.2 кафедра меңгерушілерінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарларын аттестаттауды қашықтықтан оқыту технологияларымен білім беру бағдарламаларының үйлестірушілері және факультеттердің әдістемелік кеңесінің төрағалары өткізеді;

2.3 әр кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамына вебинарларды әдістемелік кеңестер төрағалары мен факультеттің қашықтықтан оқыту технологияларымен білім беру бағдарламалары үйлестірушілерінің тікелей бақылауымен кафедра меңгерушілерінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарлары өткізеді;

2.4 вебинарларға жетекшілікті Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары басқармасы бастығының м.а. Мусинова А.А., Әдістемелік жұмыс қызметінің жетекшісі Амирбекова Г.Е., ЖАОК орталығының бастығы Атабаева М.К., Жаңа білім беру технологиялары институтының жетекші маманы Манкеева А., қашықтықтан оқыту технологияларымен білім беру бағдарламалары үйлестірушілері Нестеренков П.А., Круговых И.И., Рахматуллаева Д.Ж., Василина Г.К., Нурмуханова А.З., Несипбай Г.Б. ждүзеге асырады;

2.5 факультеттердің әдістемелік кеңесінің төрағалары – белгіленген формалардың және дайындық бағыттарының ерекшеліктерін ескере отырып, қорытынды бақылауды жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлейді;

2.6 2021 жылдың 18 мен 22 қараша аралығында факультет оқытушыларының қорытынды бақылау жүргізудің формалары мен платформасын таңдау рәсімі жүзеге асырылады.

Оқытушылар таңдауын тексеру және бекіту кафедра меңгерушілері, факультеттердің әдістемелік кеңестері төрағалары (төрайымдары) болып табылады.

Қорытынды бақылау формалары мен платформаларын таңдауды Универ АЖ жүйесіне енгізуге жауаптылар кафедра меңгерушілері болып табылады.

3 Жағдаяттық басқару орталығымен 2021 жылғы 10 желтоқсанға дейінгі мерзімде таңдап алынған формалар мен платформаларға сәйкес емтихандар кестесін құрастырылып және бекітіледі.

Формалар мен платформалардың тізімі тіркелген

**Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі-проректор**



Ф. Жақыпова

**Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры м.а.**



Н. Байғараев



Қорытынды бақылау жүргізудің формалары (емтихандар)*	Қолданылатын платформа	Онлайн/оффлайн	Емтихан ұзақтығының регламенті
Стандартты емтихан	Жазбаша АЖ Univer	Онлайн /оффлайн	Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары үшін 2 сағат Жаратылыстану-ғылыми бағыттары үшін 3 сағат
	Жазбаша ҚОЖ Oqylyq сыртқы ресурс	Онлайн	Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары үшін 2 сағат Жаратылыстану-ғылыми бағыттары үшін 3 сағат
	Ауызша Microsoft Teams немесе BigBlueButton ҚОЖ Moodle-да Альтернативті (Zoom, Skype). 1 талпыныс	Онлайн /оффлайн	Дайындық пен жауап беру уақытын оқытушы / емтихан комиссиясының мүшелері анықтайды және білім алушы емтихан басталғанға дейін ескертеді. (ұсынылатын стандарт-дайындыққа 20 мин., жауап беруге 10 мин.)
Жоба	ҚОЖ Moodle	Онлайн	асинхронды
Кейс	ҚОЖ Moodle	Онлайн	асинхронды
Эссе	ҚОЖ Moodle	Онлайн	асинхронды
Шығармашылық тапсырмалар	ҚОЖ Moodle	Онлайн	асинхронды
Тестілеу	АЖ Univer 1 талпыныс	Онлайн	90 минут
	ҚОЖ Moodle 1 талпыныс	Онлайн	60 минут
	StartExam	Онлайн	Кем дегенде 100 сұрақ, сұраққа 1,5 минуттан
Аралас емтихандар	Жазбаша бөлігі– ҚОЖ Moodle Ауызша бөлігі – Microsoft Teams, немесе BigBlueButton ҚОЖ Moodle-де Альтернативті (Zoom, Skype).	Онлайн /оффлайн	Емтиханның жазбаша бөлігі бойынша дайындық уақыты-бейсинхронды Ауызша жауап беру (қорғау) уақытын оқытушы / емтихан комиссиясының мүшелері белгілейді және білім алушы емтихан басталғанға дейін ескертеді. (ұсынылатын стандарт-дайындыққа 20 мин., жауап беруге 10 мин.) 1

Ауызша қорғау (нәтижелерді көрсете отырып, оқытушылардың таңдауы бойынша).			
Кешенді емтихандар Қорытынды бақылаудың 2-3 формасынан комбинация ұсынылады: Тестілеу, Эссе, Ауызша қорғау (оқытушылардың таңдауы бойынша).	Жазбаша бөлігі – қорытынды есеп – ҚОЖ Moodle.	Онлайн /оффлайн	Емтиханның жазба бөлігі бойынша дайындалу және тестілеуден өту уақыты-асинхронды Ауызша жауап беру (қорғау) уақытын оқытушы / емтихан комиссиясының мүшелері белгілейді және білім алушы емтихан басталғанға дейін айтады. (ұсынылатын стандарт-дайындыққа 20 мин., жауап беруге 10 мин.)
2 кезеңді емтихан: 1 кезең – тестілеу; 2 – кезең объективті құрылымдалған тәжірибелік емтихан (ОҚТЕ).	1 кезең «Oqulyq» ҚОЖ немесе app.starexam.com	Онлайн /оффлайн	2 кезең кафедралардың клиникалық базаларында жіне/немесе симуляциялық орталықта. Пәнге байланысты әр білім алушының 3-тен 10 станциялардан өтуін қамтиды.
2 кезеңді емтихан: 1 кезең – тестілеу; 2 кезең – Объективті құрылымдалған клиникалық емтихан (ОҚКЕ)			
Объективті емтихандар	Аудиторияда	оффлайн	Кестеге сәйкес игерілген білім мен дағдыларға баға қою
Альтернативті емтихандар	Платформалар ЖАОН курсы: Coursera, Stepik, edX, Udacity және т.б.		Кестеге сәйкес сертификатталған нәтижелер бойынша баға қою

** көрсетілген формаларға сәйкес емтихандарды өткізу туралы толығырақ ақпарат-«2021-2022 оқу жылының күзгі семестріне қорытынды бақылау жүргізуге арналған Нұсқаулықта»*